

# aceline

## Пайдалану бойынша нұсқаулық Сымды пернетақта + тінтуір Aceline KM-1208U

Пернетақта — теруге және компьютерге пәрмендер беруге арналған енгізу құрылғысы.  
Тінтуір — курсорды басқаруға және компьютерге әр түрлі тапсырмаларды беруге арналған құрылғы.

### Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: KM-1208U.
- Үйлесімділік: Windows.

#### Пернетақта

- Перне механизмі: мембраналық.
- Пернелердің жалпы саны: 104.
- Сандық блок: бар.
- Өндіріс материалы: пластик.
- Байланыс түрі: USB 2.0, 1,35 м.
- Қуат: 5 В = 100 мА.
- Қуат сымын бекіту түрі: Y.
- Өлшемдері (мм): 440 × 140 × 23.


#### Тінтуір

- Батырмалар саны: 3.
- Өндіріс материалы: пластик.
- Байланыс түрі: USB 2.0, 1,35 м.
- Қуат: 5 В = 100 мА.
- Қуат сымын бекіту түрі: Y.
- Салмағы: 53 г.
- Өлшемдері: 117 × 58 × 38 мм.

## Сақтық шаралары

1. Құрылғының құрылымына ешқандай өзгеріс жасамаңыз.
2. Қысқа тұйықталуды болдырмау үшін құрылғының кез келген сұйықтықтармен жанасуына жол бермеңіз, оның жанында сұйықтығы бар ашық ыдыстарды қоймаңыз.
3. Құрылғыны электромагниттік сәулеленудің әсеріне ұшыратпаңыз.
4. Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
5. Құрылғы балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдар үшін, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылайтын жағдайларды қоспағанда, пайдалануға арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.

## Индикаторлардың белгілері



1. Num Lock жарық индикаторы
2. Caps Lock жарық индикаторы
3. Scroll Lock жарық индикаторы

## Пайдалану

Құрылғыларды қаптамадан шығарып, компьютерге қосыңыз.

# Өнімді монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы ешқандай орнатуды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын орауышта жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда жемірілуді тудыратын жегі қоспалар (қышқылдар, сілтілер буы) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы керек.
- Құрылғы мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғайды.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңдарға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және жою үшін электр және электронды жабдықтарды тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға тапсырылады.
- Егер құрылғының ақаулығы анықталса, дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны тастаңыз.

## Кепілдікті қызмет көрсету шарттары

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсету бұйым пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

**Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:**

<https://www.dns-shop.kz/technical-support/>

# Қосымша ақпарат

**Manufacturer:** Guangzhou Jedelit Electronic Technology Co., Ltd.  
No.5 West of Minying Avenue, Xintang Town, Zengcheng District, Guangzhou, Guangdong Province, China.

**Өндіруші:** Гуанчжоу Джеделит Электроник Тэхнологжи Ко., Лтд.  
Миньин даңғылының батысы № 5, Синьтан, Цзэнчэн ауд., Гуанчжоу қ., Гуандун пров., Қытай.

**Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға:**  
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғ., 12 ғим., Қазақстан Республикасы.

**Электронды пошта мекен-жайы:** info@dns-shop.kz

Қытайда жасалған.

Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Өнім сапасын жақсарту үшін сипаттамалар, өнім туралы ақпарат және оның сыртқы түрі пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

